

Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналысын жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қамтамасыз етілген цифрлық активтер саласындағы тексеру парағын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 172/НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 12 маусымдағы № 106 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 маусымда № 32792 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 2026 жылғы 22 маусымдағы № 344/НҚ және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 29 маусымдағы № 92 бірлескен бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Жасанды интеллект және цифрлық даму министрінің 22.06.2026 № 344/НҚ және ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 29.06.2026 № 92 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 143-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналысын жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қамтамасыз етілген цифрлық активтер саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң

департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

_____ А. Куантыров

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрі

_____ Б. Мусин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу
жөніндегі комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
2023 жылғы 12 маусымдағы
№ 106 мен
Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі
2023 жылғы 8 маусымдағы
№ 172/НҚ бұйрығына
қосымша

Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруды және олардың айналысын жүзеге асыратын тұлғаларға қатысты қамтамасыз етілген цифрлық активтер саласындағы ТЕКСЕРУ ПАРАҒЫ

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган

Тексеруді тағайындау туралы акті

_____ №, күні

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы

(жеке сәйкестендіру нөмірі), бақылау субъектісінің (объектісінің) бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Орналасқан жері

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1.	Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығаруға және оның айналысына рұқсаттың болуы		
2.	Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді шығару туралы шешімнің болуы және сәйкестігі		
3.	Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілерінің тізбесінде қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформаның болуы		
4.	Қамтамасыз етілген цифрлық активтерді сақтау және айырбастау жөніндегі цифрлық платформаға ақпараттық қауіпсіздік талаптарына		

	сәйкестігін сынау нәтижелері бойынша актінің болуы		
5.	Материалдық, зияткерлік қызметтер мен активтерге куәландырылған құқыққа уәкілетті органдардың растайтын құжаттарының болуы		
6.	Мүліктік және (немесе) зияткерлік құқықтарға уәкілетті органдардың растайтын құжаттарының болуы		
7.	Қамтамасыз етілген цифрлық активті есеп айырысу ақша бірлігі, заңды төлем құралы, қаржы құралы немесе қаржы активі ретінде пайдаланбау		
8.	Қамтамасыз етілген цифрлық активте оны шығарған тұлға туралы деректердің болуы		
9.	Активті және (немесе) мүлікке құқықты ауыстыру туралы блокчейн желісінде жазбаның болуы		
10.	Қамтамасыз етілген цифрлық активтері бар криптографиялық технологиялармен операцияларды қорғаудың болуы		

Лауазымды тұлға (тұлғалар) _____

 лауазымы қолы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
 Тексерілетін субъектінің басшысы _____

 лауазымы қолы

_____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

